

2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. М ы н а л а р д ы ң :

383, 384, 385, 386, 387, 388-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 2 3 5 қ а у л ы с ы н а

383-ҚОСЫМША

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н

"Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"

деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 349082 мың теңге (үш жүз қырық тоғыз миллион сексен екі мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі мәселелері" N 280 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестациядан өткізу ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 21 қарашадағы N 327 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік қызмет өткеру туралы ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 10 наурыздағы N 357 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстардағы, Астана және

Алматы қалаларындағы тәртіптік кеңестері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 1598 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қызмет телефондары және мемлекеттік органдардың аппараттарын орналастыру үшін алаң нормалары туралы" 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бюджеттен қаржыланатын ұйымдардың электроэнергияны тұтыну, жылу, ыстық және суық су және басқа да коммуналдық қызметті пайдалану нормативтері туралы" 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 қарашадағы "Мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың жекелеген мәселелері N 1156 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автокөліктермен пайдалануды реттеу туралы" 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі "Мемлекеттік бюджеттен қаржыланатын мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің және де Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы Ережені бекіту туралы" N 1428 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы "Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы" N 1706 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : мемлекеттік қызметінің деңгейін және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дәрежесін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : мемлекеттік қызметті, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексін сақтауы, мемлекет саясат саласындағы, мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу сапасын арттыру бойынша жұмыстарды қамтамасыз ету; мемлекеттік қызмет заңнамасын жетілдіру, мемлекеттік қызметшілердің оқуын және кәсіби қайта даярлаудан өтуін ұйымдастыру, мемлекеттік органдар ұсынатын мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бойынша ұсыныстар енгізу, мемлекеттік қызмет жүйесінің ашықтығы мен есеп беруін қамтамасыз ету, кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дәрежесін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5		7

					6	
1	001		Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	<p>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің штаттық саны лимитіне сәйкес 49 бірлік көлемінде бекітілген орталық аппаратын ұстау және оның қызметін қамтамасыз ету.</p> <p>Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Орталық аппарат үшін бекітілген лимитке сәйкес 4 қызмет автомашинасын ұстау, келісім-шарттар жасасу, байланыс қызметі, басқа да тауарлар сатып алу, бланкілік өнімдер дайындау ақысын төлеу. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Мемлекеттік қызметті жүзеге асыру үшін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.</p> <p>Іске асыру мерзімі - Қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Мемлекеттік органдар мемлекеттік қызмет саласында заңнаманың сақталуына тексеру жүргізу. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Мемлекеттік қызметшілерге еңбек ақы төлеу, оларды әлеуметтік-құқықтық қорғау жүйесін жетілдіру</p>	қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі

			<p>жөнінде ұсыныстар әзірлеу. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Мемлекеттік қызмет кадрларының жай-күйіне мониторинг жүргізу. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Мемлекеттік қызмет персонаждары және әкімшілік мемлекеттік қызметші лауазымдарын атқару үшін кадрлар резерві бойынша республикалық деректер базасын қалыптастыру. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.</p> <p>Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда оларға кеңес беру. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Мемлекеттік қызметті жетілдіру және оның тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеуге және оны іске асыруға қатысу. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің алқасын өткізу. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p>		агенттігі
3	002	Аумақтық органдардың аппаратары	<p>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің штаттық саны лимитіне сәйкес 204 бірлік көлемінде бекітілген аумақтық органдарын ұстау және оның</p>	қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері

қызметін қамтамасыз ету .
Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан
Мемлекеттік органдар мемлекеттік қызмет саласында заңнаманың сақталуына тексеру жүргізу .
Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.
Мемлекеттік қызметшілерге еңбек ақы төлеу, оларды әлеуметтік-құқықтық қорғау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.
Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.
Орталық мемлекеттік органдардың жергілікті атқарушы және аумақтық бөлімшелерінде мемлекеттік қызмет кадрларының жай-күйіне мониторинг жүргізу (бұдан әрі - жергілікті мемлекеттік органдар) .
Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.
Жергілікті мемлекеттік органдар мемлекеттік қызмет персоналдары және мемлекеттік қызметтің кадрлар резерві бойынша деректер базасын қалыптастыру .
Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқстан.
Жергілікті мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру .
Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.
Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері

жөніндегі

			<p>бұзылған жағдайларда оларға кеңес беру. Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан. Мемлекеттік қызметті жетілдіру және оның тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеуге және оны іске асыруға қатысу. Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан. Тәртіптілік істері бойынша отырыстар өткізу. Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан. Көшпелі семинарлар өткізу мен азаматтарды қабылдау. Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p>		агент-тігі
4	007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	<p>Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бойынша қызметтерді мына тақырыптар бойынша с а т ы п а л у : мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту шараларын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің арын сақтау мәселелері. Оқу мерзімі - маусым-шілде. Мемлекеттік қызметті жетілдіру мәселелері. О қ у м е р з і м і - қ ы р к ү й е к - қ а з а н Мемлекеттік тіліне оқыту. Оқу мерзімі - сәуір-қараша.</p>	қаңтар-желтоқсан	Қазақ-стан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агент-тігі
5	009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру	<p>Ж и Һ а з д а р , а у а баптағыштар, мұздатқыштар, телевизор, сейф, креслолар, сөрелер, өрт-сөндіру құралдарын, бақылау өлшеу қондырғыларын сатып алу.</p>	қаңтар-желтоқсан	Қазақ-стан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі

						агент-тігі
7		017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Орталық аппарат үшін есеп техникалары мен құралдарын сатып алу. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан. "ІС Бухгалтерия" бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. Іске асыру мерзімі - ақпан-наурыз. Жиынтық және қосымша құрал-жабдықтар, шығыс материалдарын сатып алу. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан. Есептік техника мен құралдарға жүйелі техникалық қызмет көрсету. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқстан. Интернет пен электрондық пошта жүйесіне кіру қызметі. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан. Бағдарламалық өнімдерді, ақпараттық жүйелерді және міндеттерді қолдау. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқстан.	қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтижелер: соның негізінде мемлекеттік органдар сапалық стандартын жасайтын, мемлекеттік қызмет көрсетудің негізін қалаушы жоба жасау; Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің ең кемі 2 коллегиясын өткізу; мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларының орындалуы бойынша мемлекеттік органдарда ең кемі 5000 рет тексеру өткізу; аумақтық органдардың қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылату; мемлекеттік тілге 150 адамды оқыту, соның ішінде аумақтық органдарда 122 адам; сатып алу: 1 жиһаз жиынтығын, 1 телевизор, 1 сейф, 17 тоңазытқыш, 7 ауа баптағыш, 30 кресло, 14 сөрелер; сатып алу: көшпелі компьютер, 50 компьютер, 50 принтер, 50 үздіксіз қорек көздері.

Түпкі нәтижелер: азаматтардың шағымдары мен талаптарын қысқарту; мемлекеттік қызметтің кәсіби-оқыған персоналы деңгейі жоғарылайды; республика мемлекеттік

қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық саны қысқарады; рұқсат беру және өзге де құжаттарды беру кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық айтарлықтай қысқарады; республика мемлекеттік қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық саны қысқаруы.

Қаржы-экономикалық нәтиже: орталық аппараттың 1 мемлекеттік қызметшісін ұстау - жылына 1489,0 мың теңге; аумақтық органдардың бір мемлекеттік қызметшісін ұстау жылына - 1199,5 мың теңге; 1 мемлекеттік қызметшінің біліктілігін жоғарылатуға орташа шығындар - 12,8 мың теңге; 1 мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік тілге оқыту бойынша орташа шығындар - 4,6 мың теңге.

Уақтылығы: мемлекеттік органға жүктелген функцияларды мерзімінде орындау. Сапасы: мемлекеттік стандарттар негізінде, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы жақсаруы; қазіргі кездегі экономикалық жағдайға сәйкес кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай мемлекеттік қызметтің кәсіби деңгейін жоғарылату; мемлекеттік тілді оқыған мамандар үлесі жұмыс істейтіндердің жалпы санының орталық аппаратта 60%-ын, аумақтық органдарда 60%-ын, кәсіби білім деңгейін арттырғандар аумақтық органдарда 23,5%-ын құрайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1 2 3 5 қаулысына

384-ҚОСЫМША

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6 жылға арналған

"Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын ақпараттандыру және тестілеу жүйесінің жұмыс істеуі"

деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 83578 мың теңге (сексен үш миллион бес жүз жетпіс сегіз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестациядан өткізу Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 20 қаңтардағы N 327 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қызмет телефондары және мемлекеттік органдардың аппараттарын орналастыру үшін алаң нормалары туралы" 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Бюджеттен қаржыланатын ұйымдардың электроэнергияны тұтыну, жылу, ыстық және суық су және басқа да коммуналдық қызметті пайдалану нормативтері туралы" 1998

жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 қарашадағы "Мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың жекелеген мәселелері" N 1156 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы " Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автокөліктерін пайдалануды реттеу туралы" N 663 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Ақпарат және тестілеу мемлекеттік мекемесінің мәселелері" N 50 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі "Мемлекеттік бюджеттен қаржыланатын мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің, және де Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы Ережені бекіту туралы" N 1428 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : мемлекеттік қызметшілердің құрамы мен кадрлық резерві жөніндегі деректерді жаңарту, барлық облыс орталықтарында және Астана, Алматы қалаларында мемлекеттік қызметшілерді тестілеуді және аттестациялауды қамтамасыз ету; ақпараттық қорғауды қамтамасыз ету, ақпараттық Web - сайтты ә кі м ш і л е н д і р у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : кадрларды басқарудың ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін және оның бұдан әрі жетілуін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілерді тестілеуді және аттестациялауды өткізу, 17 өңірлік орталықтарда жергілікті және желілік инфрақұрылымдарды техникалық қолдау және алып жүру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын ақпараттандыру және тестілеу	Тестілеу орталықтарын ұстау штаттағы және штаттан тыс қызметкерлерге жалақы төлеу, телекоммуникация қызметтеріне ақы төлеу, есептеу техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету, бос лауазымдарға орналасу үшін кемі 50000 ықтимал кандидаттарды уақытылы тестілеуден өткізу үшін 17 өңірлік	2006 жыл аралығында	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі,

	жүйесінің жұмыс істеуі	орталықтарды дық-техникалық сондай-ақ лау бойынша қызметшіні өткізу.	материал-дық қамтамасыз ету, аттестация-лау кемі 30000 мемлекеттік тестілеуден	Ақпарат және тестілеу орталығы
--	------------------------	--	--	--------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: сатып алу: 10 серверлер, 100 жұмыс станцияларын, 10 принтерлер, 10 экранаралық қорғау экрандарын, 10 маршрутизаторлар, 10 қоректендіру көздерін, 1 көшірме аппаратын, 18 ауа баптағыштарын, 35 материалды емес активтерді. Түпкі нәтиже: орталықтардың өткізу қабілеті артады, ол жылына кемі 80 000 адамды тестілеуден өткізуге мүмкіндік береді. Республиканың барлық азаматтары кез-келген облыс орталығындағы тестілеу арқылы бос мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарына орналасу үшін конкурсқа қатысуға тең қолдану мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің қызметтерін ақпараттық және техникалық қолдау, мемлекеттік қызметшілердің тестілеуден және аттестациялаудан өтуін қамтамасыз ету, мемлекеттік органдар кадрлық қызметтерін бірыңғай ақпараттық ортаға біріктіру, өңірлік орталықтардың жергілікті желілерін бір гетерогенді көлік құралына біріктіру, ИСУК жүйесінің электронды қызмет көрсетуінің бірыңғай нысанын әзірлеу және ұсыну.

Қаржы-экономикалық нәтиже: бос мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарға орналасу үшін конкурс бойынша және аттестациялау бойынша бір тестілеуден өткізудің құны 1044,72 теңгені құрайды.

Уақтылығы: орталықтардың өндірістік әлеуеті барлық 17 орталықта кез-келген уақытта бір мезгілде жергілікті және қашықтан тестілеуді жүргізуге мүмкіндік береді.

Сапасы: мемлекеттік қызметке түсу кезінде тестілеуден өтуге, сондай-ақ аттестациялау бойынша барлық ниет білдіргендерді 100% қанағаттандыру.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

385-ҚОСЫМША

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет

саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"

деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 6000 мың теңге (алты миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі "Ғылым туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 23 ақпанындағы "Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын қолданбалы-ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру мен іске асырудың кейбір мәселелері" N 145 Қ а у л ы с ы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4 Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : мемлекеттік органдар жұмыстарының сапасы мен әсерін зерттеу және бағалау жүргізу арқылы мемлекеттік қызметті тұтынушылардың қанағаттану деңгейін және мемлекеттік қызметшілер жұмыстарының т и і м д і л і г і н а р т т ы р у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, мемлекеттік қызмет саласында қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу, мемлекеттік органдар көрсететін қызметтің қазіргі жағдайын талдау, мемлекеттік қызметтің сапасын жоғарылату бойынша ұсыныстар ж а с а у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	"Мемлекеттік қызметтер кезіндегі кедергілерді бойынша жүргізу" тақырыбында мемлекеттік қызмет саласында қолданбалы зерттеулер Ғылыми-техникалық сараптама жүргізу бойынша көрсетілген қызметтерге ақы төлеу	ж ы л аралы-ғында	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Түпкі нәтижелер: мемлекеттік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын жасау бойынша ұсыныстар.

Түпкі нәтижелер: мемлекеттік қызметтердің бағасы төмендеуі, халыққа қызмет көрсету

орталықтарының жұмыстарын жетілдіру, тренингтер өткізілгеннен кейін тұтынушылардың пікірі негізінде бағалау жүйесін енгізген мемлекеттік органдар санының 0-ден 50% дейін (яғни кемі 12-ден 6) артуы; мемлекеттік органдар мөлдірлігінің орта есеппен 15% (65%-дан 80% дейін) артуы; уақытылы қаралған құжаттардың саны 20% (75%-дан 95% дейін) артуы. Қаржы-экономикалық нәтиже: тақырыпты зерттеу бойынша шығындар 6000 мың теңге.

Уақтылығы: жасалынатын келісім-шарттар негізінде.

Сапасы: жасалынған стандарттар негізінде мемлекеттік қызметтер сапасы жоғарылауына мемлекеттік органдар мен халыққа қызмет көрсету орталықтарының клиенттерге қызмет уақытының қысқаруына алып келетін қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1 2 3 5 қаулысына

386-ҚОСЫМША

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6 жылға арналған

"Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру"

деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 494977 мың теңге (төрт жүз тоқсан төрт миллион тоғыз жүз жетпіс жеті мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 8 шілдедегі N 1611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы туралы Ережесі; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының кадрларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2005 жылғы 31 мамырдағы N 1583 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызметшілерді даярлау және біліктілігін арттыруды одан әрі жетілдіру туралы" 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4075 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың

жекелеген мәселелері" 1998 жылғы 11 қарашадағы N 1156 Қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қызмет телефондары және мемлекеттік органдардың аппараттарын орналастыру үшін алаң нормалары туралы" 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бюджеттен қаржыланатын ұйымдардың электроэнергияны тұтыну, жылу, ыстық су және басқа да коммуналдық қызметті пайдалану нормативтері туралы" 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; Үкіметтің "Мемлекеттік бюджеттен қаржыланатын мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің, және де Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы Ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автокөліктерін пайдалануды реттеу туралы" 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстан Республикасын мемлекеттік қызметінің жоғары кәсіби кадрларымен, дипломатиялық қызмет персоналымен, судьяларымен, сот жүйесі және прокуратура органдарына қызметкерлерімен қ а м т а м а с ы з е т у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазіргі заманның талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және кадрларды қайта даярлау жүйесін оңтайландыру, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік және жергілікті басқарудың кадрлық саясаты саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу, мемлекеттік қызметке мамандарды даярлауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары мен облыстағы аймақтық орталықтардың әдістемелік басшылығын қамтамасыз ету және қызметтерін үйлестіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және білік-	Мемлекеттік қызметшілерді үш бағыт : - мемлекеттік қызмет; - дипломатиялық қызмет ; - судьялар және сот жүйесінің қызметкерлері	жыл бойы	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөнін-

тілігін
арттыру

бойынша даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру.
Жүзеге асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.
Халықаралық стандарттарға барынша жақындатылған оқу жоспары бойынша кредиттік және желілік жүйелерінің талдауы негізінде магистрлерді даярлау.
Жүзеге асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.
Басшылық лауазымға ауыстырылған және мемлекеттік қызметке жаңадан қабылданған азаматтар үшін 6-апталық және 2 апталық қайта даярлау курстарын жүргізу.
Жүзеге асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.
Мемлекеттік басқару, сот және дипломатиялық саланың өзекті мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бойынша 1-2 апталық семинарлар өткізу.
Жүзеге асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.
Еуропаның дамыған елдерінің мемлекеттік басқару жүйесінің жұмыс тәжірибесімен және Қазақстан Республикасының шетелдік өкілдіктері мекемелерінің қызметімен танысу мақсатында тыңдаушылар және профессор-оқытушылардың құрамы үшін стажировкаларды ұйымдастыру.
Жүзеге асыру мерзімі: шілде-қараша.
Халықаралық ынтымақтастықты дамыту, мемлекеттік

дегі агент-тігі Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы

басқаруды жетілдіру
мәселелерінің көп
аспектілі шешімдерін
қабылдау мақсатында
ғылыми конференциялар
мен семинарларды,
дөңгелек үстелдерді
ұйымдастыру және
өткізу. Академияның
біліктілікті арттыру
халықаралық
семинарларына
лекторларды,
сондай-ақ Франция,
Германия, Киев,
Москвадан шетел
сарапшыларын шақыру.
Жүзеге асыру мерзімі:
наурыз-желтоқсан.
"Қазақстан
Республикасындағы
қазіргі саяси жағдай"
мониторингі,
"Қазақстанның
оңтүстік өңіріндегі,
әлеуметтік-саяси
және діни жағдай"
атты мониторингі,
"Қазақстан
Республикасының
экологиялық
қауіпсіздігі" атты
мониторингі тақырыптары бойынша
социологиялық
зерттеулерді жүргізу.
Жүзеге асыру мерзімі:
қаңтар, мамыр, қыркүйек.
"Қазақстанның тұрақты
дамуындағы мемлекеттік
басқару мен
мемлекеттік қызметтің
рөлі" атты ғылыми
жобасын жасау.
Жүзеге асыру мерзімі:
сәуір-маусым.
Ғылыми монографияны,
ғылыми мақалалар
жинағын, ғылыми-талдау
журналын басып шығару.
Жүзеге асыру мерзімі:
наурыз-желтоқсан.
Сот жүйесі мен әділ
сот, сыртқы саясат
және дипломатия, адам

			ресурстарын басқару саласындағы фундаменталды және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Жүзеге асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Негізгі құралдарды және материалды емес активтерді сатып алу.	
--	--	--	--	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Т і к е л е й

н ә т и ж е :

магистратураға "Мемлекеттік және жергілікті басқару" мамандығы бойынша қабылдау 60 адамды, "Юриспруденция" мамандығы бойынша қабылдау 50 адамды, "Халықаралық қатынастар" мамандығы бойынша қабылдау 25 адамды құрайды. Аспирантураға "Мемлекеттік және жергілікті басқару" мамандығы бойынша қабылдау 30 адамды құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің жылдық орташа саны қайта даярлау бағдарламасы бойынша 500-ден кем емес адамды және біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша 1500 - 2000 адамды құрайды.

Магистратура бағдарламасының 30 тыңдаушысы үшін 30 күндік Ольстор университетінде (Ұлыбритания) халықаралық стажировкаларды ұйымдастыру. Семинарлар, дөңгелек үстелдер, 150 адамнан 3 секция бойынша 3 конференция өткізу;

Халықаралық сарапшыларды шақыру: Франция, Германиядан - 5 адам., Киевтен - 2 адам., Москвадан - 3 адам., Ташкенттен - 1 адам., Бішкектен -1 адам. 1 ғылыми монографияны, 2 ғылыми мақаланы, 12 ғылыми-талдау журналын басып шығару.

Негізгі құралдары және материалды емес активтерді сатып алу: 3-тен кем емес лингафонды құрал-жабдық; 2 бірліктен кем емес автокөлік; 90 бірліктен кем емес лицензиялы оқу бағдарламалар.

Т ү п к і л і к т і

н ә т и ж е :

Мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, дипломатиялық қызмет персоналы, судьялар, сот жүйесінің қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жалпы қажеттіліктің 45% - 60% құрайды.

Мемлекеттік қызметшілерді магистратура және аспирантура бағдарламалары бойынша даярлау жалпы қажеттіліктің 35%-60% құрайды.

Компьютерлік құрал-жабдықтармен 60% және оқу процесіне қажетті құрал-жабдықтарды 65% жеткізуді қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтиже: 2006-2008 жылдарға жинақталған бір магистрант пен аспирантын орташа айлық стипендиясы 50 000 теңгені, бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыру бойынша орташа шығындар 38,8 мың теңгені, бір мемлекеттік

қызметшіні қайта даярлау бойынша орташа шығындар 27,9 мың теңгені құрайды. Уақтылығы: оқуды бітірген мемлекеттік қызметшілердің саны - 90 магистрант. Сапасы: мемлекеттік қызметшілерге жүктелген қызметтерді сапалы орындауын қ а м т а м а с ы з е т у .

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына жүктелетін мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін белгіленген мерзімдерді ескере отырып, іс-шараларды толық мөлшерде 100% сапалы орындау. Академияны бітірушілердің сапалы дайындығын жақсарту.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1 2 3 5 қ а у л ы с ы н а

387-ҚОСЫМША

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6 жылға арналған

"Мемлекеттік қызметшілердің шетелдерде біліктілігін арттыру"

деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 231161 мың теңге (екі жүз отыз бір миллион бір жүз алпыс бір мың теңге)

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы "Мемлекеттік қызмет өткеру туралы Ережені бекіту туралы" № 357 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесін бекіту туралы" № 1457 Ж а р л ы ғ ы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : республиканың мемлекеттік қызметін жетілдіру үшін перспективалы кадрларды даярлау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : 1) алдыңғы қатардағы тәжірибені үйрену және қосымша кәсіби білім алу үшін шетелдік ілгері университеттер мен ғылыми орталықтарға мемлекеттік қызметшілерді жіберу;
2) әлемдік тәжірибені үйрену және біліктілікті арттыру үшін өз қызметкерлерін жібере алатын мемлекеттік органдарға жағдай жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п						
-------	--	--	--	--	--	--

	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	006		Мемлекеттік қызметшілердің шетелдерде біліктілігін арттыру	Мемлекеттік қызметшілерді алдыңғы қатарлы шетелдік білім беру орталықтарында: АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Сингапур, Ресей, Голландияда оқыту. Экономика, құқық, мемлекеттік әкімшілендіру салаларында білімдерін кеңейту, сонымен қатар еуропаның басқару органдарының қызметін ұйымдастырудың тәжірибесімен және мемлекеттік қызметтерді ұсынудың әдістерімен танысу.	2006 жылдың ішінде	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: шетелдік ілгері университеттер мен ғылыми орталықтарында 140-тан кем емес мемлекеттік қызметшінің білім алуы.

Түпкілікті нәтиже: шетелдік ілгері университеттер мен ғылыми орталықтарында білім алған 140-тан кем емес мемлекеттік қызметші республиканың мемлекеттік қызметін жетілдіруге өз үлесін қосады.

Қаржы-экономикалық нәтиже: бір мемлекеттік қызметшіні оқытуға жұмсалатын шығын 1651,1 мың теңгені құрайды.

Уақтылығы: жасалатын шарттарға сәйкес.

Сапасы: мемлекеттік қызметшілері оқытылған 90% кем емес мемлекеттік органдар мамандарды даярлау сапасына қанағаттандырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

388-ҚОСЫМША

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік

органдар орталық аппараттарының жас мамандары үшін жатақхана салу" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны : 100000 мың теңге (бір жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : мемлекеттік қызметшілердің тұрмыс сапасын көтеру, олардың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету және мемлекеттік басқарма қызметкерлерінің жұмысқа деген жігерін ынталандыратын жағдайлар жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : мемлекеттік қызметшілердің тұрмыс сапасын көтеру үшін инфрақұрылымды қалыптастыру жолымен өмір сүру жағдайын қ а м т а м а с ы з е т у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	007		Республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік органдар орталық аппараттарының, жас мамандары үшін жатақхана салу	Республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік органдар орталық аппараттарының жас мамандары үшін жатақхана салу жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу жұмыстарын әзірлеу және олар бойынша мемлекеттік сараптама жүргізу.	2006 жылдың 1, 2 тоқсандары	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өтіп бекітілген жобалау-сметалық құжаттамалар .

Түпкі нәтиже: мемлекеттік органдардың орталық аппараттарының жас мамандарын әлеуметтік қорғау және олардың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ету мақсатында

объекттерді пайдалануға енгізу.
Уақтылығы: жасалған шарттарға, жұмыс жоспар-графигіне сәйкес.
Сапасы: ҚР СНЖЕ, МС және ТШ сәйкес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК